

**Балалар
жылы**
2022

***«Ә. ЖАНКЕЛДИН АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП» КММ- НІҢ
2021 – 2022 ОҚУ ЖЫЛЫНА
АРНАЛҒАН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ
ЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕБІ***

ТӘРБИЕ ІСІ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ: ШАРХАТ ТҮРКСТАНОВА

2022 жыл

№	ҚР үздік білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы бойынша жасалынған жұмыстар. Басшылыққа алуға қабылданған аймақтық кешенді тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылуы. Алынған нәтиже	Күтілетін нәтиже	Қамтылған бала саны
1	Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 1 – қыркүйек күні аталып өтті. Салтанатты жиын ұйымдастырылды. Жиынның мақсаты 1 - қыркүйек білім күні дәстүрлі мерекеміз туралы мағлұмат бере отырып, балаларды, шақырылған қонақтарды, ата – аналарды, ұстаздарды мерекелерімен құттықтап, сапалы білім, саналы тәртіп алуларына тілектес білдіру. Әр сыныпта «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында алғашқы сабақ өткізілді. 21 қыркүйек күні "Тәуелсіздік жетістігі" тақырыбында сынып сағаттары мен ашық сабақтар өткізілді. Сынып сағаттары мен ашық сабақтарда Тәуелсіздік жылдарындағы мемлекеттік құрылыстың негізгі нәтижелері мен болашағы туралы сондай-ақ Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті — Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың тәуелсіз елді нығайтудағы тарихи рөлі туралы айтылды. Ашық сабақ өткізген 2"а"сыныбының сынып жетекшісі Жаңылсын Мұңалбаева.	«Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие және құқықтық тәрбие» білім алушыларда қазақстандық патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық өзіндік сана-сезімді; жеке бас бостандығының құндылығын; төзімділіктің құндылығын; зорлық-зомбылық пен агрессияға жол бермеуді; меншік пен материалдық өркендеудің құндылығын; еңбекке құрметпен қарауды; өмірге құрметпен қарауды; әртүрлі кемсітулерге жол бермеуді, «тең және әртүрлі адамдардың» қағидаттық теңдігі идеясын қалыптастырады.	110





«Абайлаңыз балалар!» акциясы Сынып сағаты ретінде ұйымдастырылды.
«Мектептегі мінез-құлық ережелері» (Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру) Ақпараттық сағат ұйымдастырылды.



Егемен еліміз 16 желтоқсанда салтанатты жағдайда Ұлттық мереке — Тәуелсіздік күнін атап өтеді. Қазақстандықтар алмағайып өтпелі кезеңнің барлық қиындықтарын жеңіп, әлемдік сахнаға көтерілді. Республикамыздың осындай биіктіктерді бағындыруына барлық адамдар сүбелі үлес қосып келеді. Ұрпақтарының ырысы ортаймасын, намысы тапталмасын деп көксеген ата-бабамыздың арманы орындалған осы шақта баршаңызға бақыт, байлық, береке тілейміз. Еліміздің ертеңі жолындағы еңбегіміз жана берсін! Көк байрағы

желбіреген, бүгінгідей абыройлы да айбынды, беделді де берекелі, ынтымағы мен бірлігі жарасқан еліміздің тәуелсіздігі баянды болғай. 16 желтоқсан —Тәуелсіздік күніне орай 5-7 сынып оқушылары арасында хор, мәнерлеп оқу, көрініс сайыстары ұйымдастырылды.





9 мамыр жеңіс күніне орай шара ұйымдастырылды. Мақсаты: Балаларға адамгершілікке, отанын сүюге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Балаларды Ұлы Отан соғысымен, қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой - өрісін дамыту. Балаларды үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелеу.



7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне байланысты 2 сыныпта танымдық сағат өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отанды сүйуге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу. Сынып жетекші: Дариға Дузелбаева



2

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ бағыты бойынша «Өнегелі бір сағат» Жобасы аясында 5 қыркүйек - Қазақстан Республикасы халқының тілдері күні мерекесіне орай "Тіл тұтастығы" тақырыбында эссе байқауы, "Мемлекеттік тіл - тәуелсіздік символы" атты мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларды мемлекеттік тілдің өркендеп, оянуына, құрметтеуге, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін биік ұстауға тәрбиелеу. Оқушылардың өлеңді мәнерлеп оқу дағдысын қалаптастыру. Сол арқылы облыстық, аудандық мәнерлеп оқу сайыстарына оқушыларды іріктеу. Тіл – ұлттың жаны, халықтығының асыл белгісі, намысы, тыныс-тіршілігінің көзі, Ата Заңымен қорғалатын, еркіндігінің үні. Оны құрметтеп, қорғай білу парыз. Ынтымағы жарасқан халықтардың бесігі болған шуақты Қазақстанның бақытты да парасатты, білімді де, еңбекқор ұл-қызы болып өсе беріңіздер! Көгімізде көк туымыз мәңгілікке желбіріп, туған тіліміз жасай берсін!

Рухани-адамгершілік тәрбие – адамгершілік бейнесі, адамгершілік сана; құндылық сезімдері мен қасиеттері – гуманизм, ар-ождан, ар-намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, серіктестік, мейірімділік, ұят, қағидаттық, мейірімділік, ынтымақтастық, ұлттық келісімнің құндылығы, басқа халықтардың мәдениетін, дәстүрлері мен тілін құрметтеу; өмірге этикалық жауапты көзқарас сияқты құндылықтарды қалыптастырады.

127



Рухани—адамгершілік тәрбие, ұлттық тәрбие бағыты бойынша «Өнегелі бір сағат жобасы» аясында «Күй атасы-Құрманғазы» атты танымдық сағат ұйымдастырылды.

16 желтоқсан тәуелсіздік күніне орай сыныптарда тәрбие сағаттары болды. Оқушыларға Тәуелсіздіктің кімдердің қанымен, қандай ауыртпалықпен келгендігі жайлы айтып, ұлттық сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық сана, ұлттық парызды әрбір қазақ баласының бойына дарыту. Оқушыларды туған жерін, елін, Отанын сүйуге патриоттық тәрбие беру.





1 сынып оқушылары "Әбіш Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейі" МКҚК, Бейнеу аудандық филиалы, Сарға ауылдық көрме залына барды. Киелі түбекті қашаннан мекендеген қаһарман халықтың өмір салтын бүкпесіз бейнелейтін жауһар жәдігерлерді жиып отырған қасиетті шаңырақтың құндылықтарымен танысып қайтты. Мұражай қызметкерлері бүлдіршіндерімізге ұлттық құндылық пен тарихи жәдігерлерді бойына жинақтай білген киелі Маңғыстау өлкесінің тұмса табиғаты мен этнографиясын таныстырып өтті. Сынып жетекшісі: Алтын Есбаева





28.04.2022 жыл 10-сынып оқушыларына "Тәрбие негізі- имандылықта" атты тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: оқушыларға діни тәрбие берумен қатар адамгершілікке, мейірімділікке, ізгілікке тәрбиелеу." Қонақта: Бейнеу ауылы мешітінің бас имамы Ұзақбай Түрікменбайұлы мен кездесу өтті. Сынып жетекші: Халиманова Қамажай



3

РУХАНИ –АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ «Қамқорлық» жобасы аясында мектептің әлеуметтік педагогы «Мектепке жол», «Мектепке жиналуға көмектес» және «Адамдарға қуаныш сыйла!» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Қазан айында «Өнегелі бір сағат» жобасы аясында «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар!» атты Мерекелік кеш ұйымдастырылды. "Ұстаз деген мәртебелі бір есім" тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы болды. "Ұстаздар -ұлы тұлғалар" тақырыбында жас ақындар мүшәйрасы болды. I орын 10 сынып оқушысы Тагабердиева Мәдина, II орын 9 сынып оқушысы Қамыева Үміт, III орын 11 сынып оқушысы Атабаев Ержан марапатталды. "Ұстаз саған мың алғыс!" видеороликтер байқауы болды. Бас жүлде 7 а сынып, I орын 6 сынып, II орын 8 сынып, 5 а сынып, III орынды 5 ә сынып, 7 ә сыныптары иеленді. Мұғалімдер арасында "Ұстаз болу - жүректің батырлығы" видеоролик байқауы, "Кешегі шәкірт - бүгінгі ұстаз" тақырыбында эссе байқауы болды. 8.12.2021 жылы Қоғамдық—гуманитарлық бірлестігінің семинары болып өтті.

Ұлттық тәрбие шеңберінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру мақсатында жаңа оқу жылында гуманистік және тәрбиелік құндылықтар тұрғысынан ұмытылған, бірақ цифрлық әлемнің жаңа дәуірімен үндес дәстүрлерді жаңғыртуға бағытталған «Дәстүр мен ғұрып» жобасы іске асырылатын болады. Әрбір халық мәдениетінің құрамдас бөлігі ұрпақтан-ұрпаққа берілетін өз салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын сақтау болып табылады. Дәстүр жастарды тәрбиелеуде, ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

115

"Ұстаз болу - жүректің батырлығы" видеоролик байқауында Бас жүлдені орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қ.Халиманова, I орын биология пәнінің мұғалімі Л.Өлеңова, II орын Бастауыш сынып мұғалімі А.Тағанова, III орын технология пәнінің мұғалімі А.Есенжанова марапатталды. "Кешегі шәкірт - бүгінгі ұстаз" тақырыбында эссе байқауында I орынды ағылшын тілі мұғалімі Н.Көбенішева, II орынды бастауыш сынып мұғалімі Ж.Мұңалбаева, III орынды математика пәні мұғалімі А.Сұлтанмұратова иеленді.



Алғыс айту күні мерекесіне орай оқушыларға Қабырға газетін жасау ұйымдастырылды. 2 "ә" сыныбында "Алғыс айту - парызым!" атты Ашық тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты ризашылық, рақмет, алғыс туралы түсінік беру, үлкен-кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым-қатынасын дамыту, әдептілікке, ізеттілікке тәрбиелеу. "Алғысымыз шексіз" тақырыбында кітап көрмесі, "Ризамыз!!!" атты қайырымдылық челленджі ұйымдастырылды.







8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай 4 наурыз күні мектеп оқушыларымен "Әлем бесігін тербеткен жан-Ана" атты мерекелік кеш ұйымдастырылды.

Мақсаты: Жастарды мейірімділікке, аналардың өлшеусіз еңбегін бағалай білуге, анасын сүю арқылы еліне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Осы аталмыш мерекеге орай, мектептің өнерпаз оқушылары аналар мен аруларға арнап, ақын-жазушыларының туындыларынан үзінділер оқып, әсем әндер мен күйлер орындады.

Көктемнің алғашқы мерекесі аруларға, аналарға ерекше қуаныш пен шаттық сыйлады.

Мерекелік кеш, келген әрбір адамның жүре-гіндегі анаға деген махаббаты мен құрметін артты-рып, бір сәтке болса да аналарын құанту үшін әлемнің асылын сыйлауға асықтырғаны анық.





4

ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ бағыты бойынша «Дәстүр мен ғұрып» Жобасы аясында 13 қыркүйек—Отбасы күніне орай «Ертегілер әлемі», «Отбасы шабыт көзі» атты кітап көрмесі, «Менің отбасым» суреттер көрмесі, «Отбасы мәдениеті» тақырыбында сынып сағаты ұйымдастырылды.



Негізгі мақсат – жалпыұлттық рухани-адамгершілік және әлеуметтік құндылықтар жүйесіне баса назар аударатырып, отбасындағы, мектептегі және қоғамдағы тәрбие ұстанымдарын үйлестіру.

97



«Оқуға құштар мектеп» жобасы «Бір отбасы – бір кітап»

Мектебімізде қыз балалар мен олардың аналарына арналған «Қыз еркем – анасымен көркем» атты сайыс ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың ой - өрісін, тіл байлығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Ана алдындағы парызы мен қарызы туралы білім беру. Балаларды анаға деген сүйіспеншілікке баулу, ана еңбегін ардақтап, мейірімділікке, сый құрметке тәрбиелеу.

Бұл сайыста қыздар мен Аналар өз өнері, білімі, тапқырлығы және шеберліктерін көрсетіп сынға түсті.

Сайыстың шарттарымен 5 бөлімнен тұрады. 1. «Сәлем – сөздің атасы» яғни өз - өзін таныстыру.

2. Бәйге. Сұрақ жауап айдары

3. Көрініс

4. Шығармашылық қол өнер

Нәтижесінде

I орын 9ә сынып оқушысы Бекқалиева Жанерке Ардақ анасымен
 II орын 9а сынып оқушысы Изтұрғанова Айсәуле Жанна жеңгесімен
 III орын 10а сынып оқушысы Дузелбаева Ақсұлу Акерке анасымен марапатталды.



5

ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТТӘРБИЕСІ бағыты бойынша «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында «Сен туған Қазақстанныңды білесің бе?» Оқырмандар сайысы «Кел, балалар, оқылық!» / Б. Алтынсариннің 180 жылдығы / Челлендж, сыныпсағаты ұйымдастырылды.
 "Кел, балалар, оқылық,
 Оқығанды көңілге
 Ықыласпен тоқылық" - деп Ыбырай Алтынсарин атамыз айтқандай

Зияткерлік тәрбие құндылығы білім құндылығын; зияткерлік ұстанымның құндылығын; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылық құндылығын; ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу – кибермәдениет мен кибергигиенаны қалыптастырады.

111

оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, балаларға арналған әдебиеттерді көрсету, кітапханаға тарту мақсатында "Кел, балалар, оқылық" атты акция ұйымдастырылды.

Акцияға мектеп оқушалары, ұстаздар, ата-аналар қатысты. Көрмеге балаларға арналған көптеген қызықты ертегілер, көркем әдебиеттер, балалар бөліміндегі ең қызықты деген кітаптар қойылды. Акцияға келген балалар өздері ұнатқан кітапты алып оқыды. Сонымен қатар, осы оқыған кітаптар жайында зияткерлік сайыстар өткізіліп, лотериялық сұрақтарға жауап берілді. "Кітап - білім бұлағы" атты баяндама оқылды. Акция арқасында кітапхана оқырмандарының саны екі есеге көбейе түсті.



15.10.2021ж Жас маман Гүлжанат Қалилаева 7,8 сыныптар аралығында "Ғылымғақұштар жас өрен" атты интеллектуалды сабақ өткізді.



10,11 сыныптар арасында "Оқуға кеңес беремін" жас оқырмандар бас қосуы өтті. Оқырмандарды кітап оқу өнеріне, дүниетанымын кеңейтуге, көркем шығармалардың тамашалығын сезінуге, оқығандарындұрыс бағалай алуға, оқыған кітаптары жайлы бір-біріне айтып, қызықтыруға, өмірде оқуда, кітапты пайдалануға баулу. Ұйымдастырушы: Анаргүл Нәбиханова



"Ахмет Байтұрсынұлы- қазақ халқының көсемі" ғылыми конференциясы болып өтті.

Мақсаты: Оқушыларды ғылыми жұмысқа баулу, ізденімпаздылыққа, зерттеуге үйрету. Жетекші: Сәулет Ақшабаева

"Тіл шебері" атты зияткерлік сайыс болып өтті. Мақсаты: Қазақ тілінде ауызекі тілде сөйлеу дағдыларын шешендікпен ұштастыра отырып қалыптастыру. Ана тілін құрметтеуге және оның қасиетін терең ұғынуға баулу. Жетекші: Жұлдыз Дуйсенбаева

			
6	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ бағыты бойынша «ЭКОstart» жобасы аясында 1-7 сыныптар арасында Бейнелеу өнерінің жетекшісі«Табиғат тамашалары» Сурет байқауы. Мектебіміздің 10 сынып оқушылары Бейнеу селосынан 17км оңтүстік-батыс бағытта орналасқан Бекет ата мешітіне экскурсияға барды. Оқушылар алдымен қорымның батыс жақ іргесіндегі қонақ үйіне соғып, қорым ортасымен өтетін соқпақ жолмен мешітке жаяу барды. Мешіт тақтасында “Қалмақтарға қарсы азаттық күресін бастаған батыр, табиғатта өте сирек кездесетін көріпкел, аты аңызға айналған қысылғанда жебеуші Пір Бекет ата Мырзағұлұлының мешіті!”-деп жазылған жазумен танысты. Мешіттің қасында бұлақ көзі бар. Жергілікті тұрғындар судың емдік қасиеттері бар екендігін айтады. Сырттай қарағанда құдық сияқты болып көрінетін бұлақтың суы қысы-жазы үздіксіз ағып жатады. Экскурсия соңында бұлақ суын ішіп, балалар естелікке суретке түсті. Экскурсияға бару мақсаты:ХVІІІ ғасырда өмір сүріп, елі мен жерін сыртқы жаулардан қорғаған батыр, халыққа білім дәнін сепкен ағартушы, сәулет өнерінің шебері, тереңнен ойлаған ойшыл, алыстан болжаған, ойындағысы болған көріпкел әулие, Кіші жүздің ұраны, киелі тұлға Бекет Мырзағұлұлы туралы оқушыларға мағлұмат беру. Ата - бабаларымызды қадірлеп қастерлеуге, олардың бойындағы жақсы қасиеттерді өз бойына сіңіруге тәрбиелеу. Әрбір оқушы өз бетінше ізденуге, өткен тарихымызға зер сала отырып, өз ойлау қабілетін дамыту.	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылардың бойында еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; мансап; функционалдық сауаттылық; компьютерлік сауаттылық; жаһандық экологиялық сана-сезім; экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыруға көмектеседі.	56

Ұйымдастырушы: тарих пәнінің мұғалімі Бақыт Жантілеуова, Сынып жетекшілері: Қамажай Халиманова, Лаззат Оленова.



7

КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Көше тәртібі – өмір сүру тәртібі» Танымдық сағат 1-4 сыныптар Тәлімгер.
7 сынып оқушыларына мектеп психологы Ж.Ауанова "Мен достарыммен біргемін" атты тренинг өткізді. Мақсаты: Оқушылардың өзін-өзі тани білудің негізгі шарттарымен таныстыру, өзін бағалата отырып, өз бойындағы сапалық қасиеттерді анықтау, дамытуға бағыт беру.



Музыка пәнінің мұғалімі: Г. Аманбаева 4 сыныптар арасында "Мен өнерлі баламын" атты ән байқауын өткізді.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие білім алушыларға эстетикалық сананы; эстетикалық талғам мен сезімді; халықтардың ұлттық мәдениеттерінің құндылықтарына көркемдік-эстетикалық бейімділікті қалыптастыруға көмектеседі.

97



Мектеп оқушылары, Сарға ауылдық көрме залы және Сарға ауылдық кітапханасымен бірлесіп ұйымдастырылған "Жеңіс туы желбіре!" атты мерекелік шара, Ұлы жеңістің 77 жылдығына арнап "Ұлы ерлікке мәңгілік тағзым" атты көрмесіне қатысып, тамашалады. Оқушылар Ұлы Отан соғысы ардагерлері, олардың өмірбаяндарымен танысты. Мектеп оқушылары ақындардың отаншылдық рухта жазылған жыр шумақтарын мәнерлеп жатқа айтып, патриоттық әндер орындады.



Ұлттар достығы 1 мамыр - Халықаралық бірлігі күніне орай "Ынтымағы жарасқан, туған өлкем- Қазақстан" атты концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Мақсаты: Көпұлтты Қазақстан Республикасының халықтар достығы - еліміздің

бірлігінің кепілдігі екендігін таныту. Әр халықтың өнері, оның рухани байлығын сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Жетекші: Есбаева Алтын




"Әбіш Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейі" МКҚК, Бейнеу аудандық филиалы, Сарға ауылдық көрме залы. Жетекші: Дүзелбаева Дариға. Бейнеу аудандық Әбіш Кекілбаев атындағы тарихи өлкетану мұражайына 7 сынып оқушылары барды Жетекшісі: Тарих пәнінің мұғалімі Райхан Сәтжанова





1 мамыр-Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне байланысты қоғамдағы ынтымақтастық пен келісімді қолдауға бағытталған "Бірлік сабақтарын" өткізу туралы мәліметті жолдаймын. 2022 жылдың 23 сәуір күні сыныптарда "Бірлік сабақтары" өткізіліп, Қазақстанның тарихы мен мәдениетін құрметтеу рухында тәрбиелеу мақсатында сыныптан тыс шаралар ұйымдастырылды. Оқушылар патриоттық ән орындап, ұлттар достастығы тақырыбында суреттер салып, бейнероликтермен танысты. Жетекші: Айнагүл Тағанова



26 мамыр күні 7 сынып оқушылары «Ә.Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейі» МКҚК – нің Бейнеу аудандық филиалына барды.





25 мамыр күні 2021-2022 оқу жылының салтанатты «Сыңғырла, соңғы қоңырау!» атты соңғы қоңырау жиыны болды. Мақсаты – мектеп дәстүрлерінің сабақтастығын сақтау, отансүйгіштік пен әлеуметтік жауапкершілікті, ұстаздарға, ата-аналарға, мектепшілік достарына алғыс сезімін, туған мектепке деген құрмет пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Мектеп бітіру іс-шарасы - бұл кәсіби білім алу және ересектердің тәуелсіз өміріне көшу жолында 11 сынып түлегінің өміріндегі мектепшілік маңызды оқиға. Салтанатты жиынға мектептің үздік оқушыларымен мектеп бітіруші түлектердің ата-аналары және ардагер ұстаздар, Ауыл әкімі Тұрлан Емілов мырзамен мұғалімдер ұжымы қатысты. Әнұранмен басталған салтанатты жиын жыл қорытындысымен көп жетістіктерге жеткен оқушылар аталып, мұғалімдерді марапаттаумен жалғасты. Білім нәрімен сусындатқан, алтын ұя мектебімен, өзін оқытқан аяулы ұстаздарымен, сыныптас достарымен арада қанша жыл өтсе де сағынышпен аңсап жеткен 10жылдық, 20жылдық, 30 жылдық, 40 жылдық түлектер сынып жетекшілерімен бірге жиынға қатысты.



8	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ «Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы«NO SMOKING DAY» шылым шегуге қарсы! Баяндама 8-11 сыныптар Мектеп медбикесі Мектеп психологы. 13.10 2021ж Математика пәнінің мұғалімі А.Сұлтанмұратова 5,6 сыныптар аралығында "Математикалық эстафета" жарысын ұйымдастырды. 1. "Есеп шығару" 2. "Доппен есеп шығару" 3. "Құрт" ойыны. I орын 5"а" сынып II орын 5"ә" сынып III орын 6 сынып марапатталды.  24 мамыр күні Қыздар арасында волейболдан жарыс ұйымдастырылды. 4 команда арасындағы ойын өте тартысты өтті. Сайыстың негізгі мақсаты өмір салтын ұстануға шақыру. Салауатты өмір салтын сақтау - денсаулықтың кепілі. Жарыста барлық команда жеңіске деген жоғары құштарлықтарымен ерекшеленді. Сайысқа қатысушылардың барлығына марапаттар табыс етілді. Ептілігімен көзге түскендер жеңіс тұғырынан көрініп, құрметке ие болды. Ұйымдастырушы: Қыздар ұйымының жетекшісі Құрбангүл Көшімова	Дене тәрбиесі салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қараудың құндылығын қалыптастырады. Орта білім беру ұйымдарында бұқаралық спорт түрлері (футбол, волейбол, баскетбол, гандбол, футзал, ұлттық спорт түрлері: асық ату, тоғыз құмалақ, қазақ күресі) бойынша мектептік спорт лигалары желісін кеңейту және спорт түрлері бойынша мамандандырылған сыныптар мен спорт секцияларын ашу маңызды.	107
---	--	--	-----



27 мамыр күні ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ бойынша оқушыларға спорттық ойындар ұйымдастырылды. Біздің мақсатымыз- бастауыш сынып оқушыларын салауатты өмір салтын дұрыс ұстануға және сабақ барысында қимыл қозғалысы мол ойындарды кеңінен пайдалану. Ойын – балалардың негізгі іс – әрекетінің бір түрі. Ойын арқылы бала өмірден көптеген мәліметтер алады, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады, яғни ойын арқылы бала білім алады. Бала зейіні қажет ететін, әдейілеп ұйымдастырылған ойындар оның ақыл-дүниетанымын кеңейтеді, мінез – құлқын, ерік – жігерін қалыптастырады. Аса ірі психологтардың айтуы бойынша, бала ойын үстінде қандай болса, өскенде еңбекте де сондай болады. Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Жас сәбидің өмірі, қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады.



Мектеп директоры:

Ж.Избасаров